

Валюта жестілігі

2023 жылғы 01-05 мамыр





Өткен аптада **теңге** бағамы әр жаққа бағытталған серпінді көрсетіп, аптаны бір доллар үшін 445.3 теңге дәрежесінде аяқтады. Ұлттық валюта негізінен ішкі факторлардың ықпалымен нығайды. Бұл жерде ҚРҰБ тарапынан валюта айырбастау көлемінің ұлғайғандығын айтуға болады. Айталық, сәуірде айырбас көлемі 600 млн долларды, ал мамырда 750-800 млн долларды құрады. Жұмыс күндерінің аз болғандығын ескерсек, бұл күн сайынғы айырбастау көлемін арттырады. Демек нарықта шетел валютасының ұсынымы да артты деген сөз. Бұл ретте өткен аптада сыртқы шарттар жағымсыз сипатқа ие болды.

«АҚШ ФРЖ базалық мөлшерлеме туралы қандай шешім қабылдар екен», - деп күтіп жүрген кезде **доллар** индексі 101.3 пунктке түсіп кетті. ФРЖ мөлшерлемені 25 базалық пунктке көтеретіндігін жариялаған соң, индекс аздап нығайды, бірақ аптаны әлсіз күйінде аяқтады. ФРЖ басшысы мөлшерлемені әрі қарай көтеруде үзіліс болуы мүмкін екендігі айтқан сөзі де доллар индексінің серпініне әсер етті.

Сонымен АҚШ ФРЖ мөлшерлемесінің көтерілуі және елде рецессияның болу қаупінің артуы мұнай бағасына әсер етпей қоймады. Айталық, аптада **мұнай** бағасы бір баррель үшін 72.3 долларға дейін түсіп кетті. Алайда аптаның соңына қарай 75.3 долларға дейін қайта нығайды. Қытайда ішкі тасымалдар арта түсуде. Соған байланысты нарыққа қатысушылардың көпшілігі Аспан асты елі тарапынан шикі мұнай сатып алуға деген сұраныс өседі деп күтеді. АҚШ-та еңбек нарығының жай-күйі бойынша жағымды статистика да өсудің қосымша факторына айналды.

Сәуірде ашылған жұмыс орындарының саны 253 мыңға артты. Ал болжам бойынша тек 180 мың ашылады деп күтілген еді. Сол кезеңде жұмыссыздық деңгейі 3.5%-дан 3.4%-ға төмендеп (болжам бойынша 3.6%), орташа жалақы 4.4%-ға өсті. Жалпы инвесторлар бұл статистиканы жылы қабылдады. Сол үшін де нарықта торығу сезімі сейіле бастағандай. Енді инвесторлар инфляция бойынша деректерді күтуде. Ол сәрсенбі күні шығады. Соның нәтижесіне қарап, АҚШ ФРЖ мөлшерлеме бойынша келесі шешімі қандай болатындығын болжауға болады.

Өткен аптада ресейлік валютаның бағамы бір доллар үшін 77.4 **рубльға** дейін нығайды. Жағымсыз сыртқы экономикалық жағдайға қарамастан, рубль ресейлік мұнайға қатысты дисконттың қысқаруы және валюталық түсімнің өсуі арқасында нығаюда. Валютаға деген сұраныстың азаюы да айтарлықтай маңызды фактор. Ресейге қатысты санкциялық шектеулердің қатаңдатылуына байланысты импорт қысқарып жатыр. Сәйкесінше шетел валютасына деген сұраныс та азаюда.

Мамыр айында валюта бағамы бір доллар үшін 447.7-460.72 теңге аумағында болады деп болжаймыз. Бұл ретте ішкі факторлардың айтарлықтай ықпалы бағамның нығаюына әсер етеді. Бұл біз болжам жасайтын аядан тыс жатыр. Мысалы, салық аптасының жүргізілуін және ҚРҰБ валюта айырбастау шарасын айтуға болады.

Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.05.05 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.21.04 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
Brent бағасы	75.3	-5.3%	-11.4%	▲	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	4.75%	02.24.2022	▲
Доллар индексі	101.2	-0.5%	-0.6%	▼		АҚШ ФРЖ	1.95%	05.03.2023	▲
USDRUB	77.4	-3.6%	-3.1%	▲		ЕОБ	-1.55%	05.04.2023	▲
CDS спреді (USD/KZT)	907.4	+1.1 п.п.	-82.1 п.п.	▲		РФ ОБ	1.00%	04.28.2023	▲

*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаю

** пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.05.05 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
USD KZT	445.3	-1.8%	-1.2%	-3.8%	414.67	484.18
EUR KZT	491.0	-1.4%	0.2%	-0.4%	443.06	505.77
RUB KZT	5.8	3.0%	0.3%	-9.8%	5.36	9.1
CNY KZT	64.5	-1.6%	-1.5%	-3.4%	62.21	71.91



Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.05.05 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
ТЕҢГЕ индексі	88.7	0.6%	-0.6%	6.1%	
Теңгенің құбылмалылығы*	0.7%	0.6%	1.3%	5.0%	
Экспорттық бағалар индексі	135.3	-5.41%	-3.6%	-13.9%	

* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.


Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
05.05.2023	USDKZT	445.3	460.7	477.6	x	Нарықта шетел валютасының жоғары ұсынымы, сыртқы экономикалық факторларды елемеу

* сәйкес келеді, x сәйкес келмейді

Jusan Analytics командасының есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам

Екінші тоқсанның басталуына байланысты біз бағам бойынша болжамдарымызды қайта қарадық. Бұған негізгі көрсеткіштер: инфляция бойынша болжам (жақсару), мұнай бағасы бойынша болжам (жақсару), ФРЖ (bloomberg болжамдарының консенсусы) және ҚРҰБ базалық мөлшерлемелерінің серпіні бойынша болжамдар себеп болды. Ұсыныстың азаятындығын және нарыққа қатысушылардың пессимистік көзқарастан арыла бастауын ескере отырып, біз мұнай бағасының өсімін оптимистік сценарийде де, пессимистік сценарийде де күтеміз. Сондай-ақ біз бағалар өсімінің жылдық тұрғыда өткен жылдың қорытындысы бойынша 12.4-14.3% деңгейіне дейін түсетіндігін күтеміз. Мұндай төмен көрсеткішке жоғары базалық көрсеткіштер мен халықтың төмен инфляциялық болжамдарының кейінге қалдырылған әсері арқасында қол жеткізіледі. Жанар-жағар май және тұрғын үй-коммуналдық қызмет бойынша талай уақыт шектелуден пайда болған бағалық теңгерімсіздіктің босатылуы инфляцияның төмендеуіне ықпал етеді.



Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz